

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі КеАҚ
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
Әлеуметтік мониторинг және болжау орталығы**



**Әлеуметтік сауалнама материалдары
«Білім алушылардың ЖОО-да көрсетілетін білім беру қызметтерінің
сапасына қанағаттануы деңгейін бағалау»**

М. Абдикакимов-жоба жетекшісі,
сауалнама нәтижелерін талдау және
сипаттау

Е. Киреенко-сауалнама және статистикалық
өңдеу

Семей – 2021

Ұсынымдар

Сауалнама нәтижелері зерттеу алдында қойылған мақсаттарға қол жеткізгенін растады. Шәкәрім атындағы университетте білім алушылардың оқу процесінің түрлі аспектілеріне қанағаттану көрсеткіштері туралы жүйелі ақпарат алынды. Социологиялық сауалнаманың барлық он үш мәселесі бойынша респонденттердің жауаптарының толық есебі жасалды.

Анықталған проблемалар бойынша негізгі ұсыныстар төменде көрсетілген:

Бірінші. Осы өлшемнің деректері бойынша 2-кестеде көрсетілген-білім алушылардың университеттің оқудан тыс қызметіне қатысуы нашар ұйымдастырылған, өйткені осы контингенттің (2,3,4,5-курс бакалавриаты) қамтылуы тіпті 50% - ды құрамайды. Осыған байланысты жастар ұйымдарындағы жағымды жақтар мен факторларды көрсете отырып, бакалавриаттың барлық курстары арасында ақпараттық жұмысты ұйымдастырған жөн.

Екінші. Зерттеу барысында оқу процесінің әртүрлі тараптарымен қанағаттанудың орташа мәні - **68,4%** - ды құрайтыны анықталды және бұл төмен көрсеткіш болып табылады. Барлық бағалардың салыстырмалы түрде ең төмен деңгейі - Оқу процесінде қолданылатын компьютерлердің жалпы санының аз болуы көрсеткіші-**56,9%**. Осыған байланысты басшылық осы мәселелерді қарастыруы керек.

Үшінші. Білім алушылардың 73,0%-ы университеттегі оқытушыларының кәсіби деңгейін жоғары бағалады, бірақ бұл сапаның үлкен көрсеткіші емес екенін ескертеміз. Білім алушылардың 22,0% - оқытушыларының кәсіби деңгейін орта деңгейде бағаласа, 1,1%-ы төмен бағалады. Сондықтан, 2021 жылғы маусымда өткізілген «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің оқытушыларының жұмыс жағдайы мен оқу үдерісін басқару сапасы туралы» сауалнамасының материалдарында көрсетілген ұсынымдарды ескере отырып мәселелерді күн тәртібіне қою маңызды.

Төртінші. Жалпы, білім алушылардың пікірі бойынша барлық оқытылатын пәндер маңызды және өзекті болып табылады. Сұралған студенттердің 91,5% - ы осындай пікірді ұстанады. Ал 8,5%- ы кейбір пәндер мамандықтарына сәйкес келмейді деп санайды. Мұндай пәндерге негізінен: *Абай әлемі, Рухани жаңғыру, Мәңгілік ел, Екінші тіл, Елбасы Тағылымы жатады.*

Бесінші. Сауалнама барысында анықталған студенттік мәселелерге мыналар жатады:

- оқыту сапасы (сабақ жүргізу, білімді бағалау және т. б.) - 37,8%;
- мамандығы бойынша жұмысқа орналасу - 36,0%;
- студенттік асханадағы тамақтану сапасы мен бағасы - 30,3%;
- жатақханадағы тұрмыстық жағдай сапасы -16,9%;
- әкімшіліктің жұмысы (бөлімдердің, деканаттардың және т.б. жұмысы) - 15,5%.
- ештеңе ойламайды-24,4%.

Алтыншы. Социологиялық сауалнама материалдарымен жұмыс істеудің келесі алгоритмін ұсынамыз:

- ЖОО-ның барлық мүдделі бөлімшелеріне (ректорат, деканаттар, кафедралар, бөлімдер) электрондық форматтағы материалдарды жедел тарату;
- материалдарды университет сайтына орналастыру;
- 5 дана көлемінде есеб материалдарын қағаз нұсқасында шығару.

Социологический опрос - анкетирование
«Оценка удовлетворенности обучающихся качеством предоставляемых образовательных услуг в вузе»

Уважаемый студент! Просим Вас принять участие в опросе, целью которого является выявления оценки уровня качества образования в вузе. Убедительная просьба ответить на все вопросы объективно. Прочитайте внимательно предложенные вопросы и отметьте наиболее удобный Вам вариант ответа (или ответов) и при этом ответы на вопросы анкеты ни с кем не обсуждать, потому что нас интересует именно Ваша личная мнения. При обработке данных авторский коллектив гарантирует Вам анонимность Ваших ответов. Все данные будут обработаны в специальной программе и использованы только в обобщённом виде.

1. Укажите ваш факультет

1. Факультет ветеринарии и агроменеджмента
2. Гуманитарно-экономический факультет
3. Естественно-математический факультет
4. Инженерно-технологический факультет
5. Факультет филологии

2. Ваш курс _____

3. Специальность _____

4. Участвуете ли вы во внеучебной деятельности университета?

	Показатели	да	нет
1.	В студенческих научных конференциях	1	2
2.	В работе кружков, секций по интересам	1	2
3.	В спортивных мероприятиях	1	2
4.	В заседаниях студенческого совета	1	2

5. Оцените, насколько Вы удовлетворены различными сторонами учебного процесса?

	Показатели	Вполне удовлетво рены	Частично удовлетво рены	Не удовлет ворены
1.	Ясное, понятное изложение материала лекций преподавателем	1	2	3
2.	Использование преподавателем элементов наглядности и технических средств обучения	1	2	3
3.	Требовательность преподавателя к качеству СРО, курсовых работ, отчетов по практике	1	2	3
4.	Ваша информированность об изменениях в учебном процессе	1	2	3
5.	Наличие необходимой учебно-научной литературы в библиотеке	1	2	3
6.	Наличие компьютеров, используемых в учебном процессе	1	2	3

6. Всегда ли начинаются занятия у преподавателя без опозданий?

1. Да
2. Нет

7. Проявляют ли преподаватели креативность и активность на занятиях

1. Да
2. Большая часть преподавателей
3. Меньшая часть преподавателей
4. Нет

8. Как Вы оцениваете профессиональный уровень преподавателей вуза?

1. Высокий
2. Средний
3. Низкий
4. Затрудняюсь ответить

9. Впишите те дисциплины, которые Вы считаете необязательными...

1. все изучаемые дисциплины нужны
2. другое _____

10. Какие из студенческих проблем Вас сейчас особенно волнуют? (отметить не более трех вариантов ответа)

1. качество преподавания (ведение занятий, оценивание знаний и др.)
2. работа администрации (работа отделов, деканатов и др.)
3. качество питания и цены в студенческой столовой
4. качество бытовых условий в общежитии
5. трудоустройство по специальности
6. другие проблемы (что именно?) _____
7. ничего не волнует

11. Впишите фамилии тех преподавателей, которые сами работают с высокой отдачей, и требуют того же от студентов. Можно сказать, являются для Вас примером добросовестного отношения к работе (укажите точное правильное имя и фамилию преподавателя):

- 1) _____
- 2) таких не наблюдал (а)

12. А здесь, наоборот, впишите фамилии других преподавателей – которые, на Ваш взгляд, не проявляют должной добросовестности, формально исполняют свои служебные обязанности (укажите точное правильное имя и фамилию преподавателя):

- 1) _____
- 2) таких не наблюдал (а)

13. Ваши предложения по улучшению образовательного процесса университета Шакарима: _____

Социологиялық сауалнама
«Білім алушылардың университетте көрсетілетін білім беру қызметінің сапасына қанағаттану деңгейі»

Құрметті студент! Сізден ЖОО-дағы білім сапасының деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылып отырған сауалнамаға қатысуыңызды сұраймыз. Барлық сұрақтарға объективті жауап беріңіз. Ұсынылған сұрақтарды мұқият оқып шығыңыз да жауаптың ең ыңғайлы нұсқасын белгілеңіз. Сауалнаманың сұрақтарына жауапты ешкіммен талқыламаңыз, себебі бізге сіздің жеке көзқарасыңыз маңызды.

Деректерді өңдеу кезінде авторлық ұжым Сіздің жауаптарыңыздың құпиялылығы сақталатындығына кепілдік береді. Барлық деректер арнайы бағдарламада өңделеді және тек жалпыланған түрде қолданылады.

1. Өз факультетіңізді көрсетіңіз

1. Ветеринария және агроменеджмент факультеті
2. Гуманитарлық-экономикалық факультеті
3. Жаратылыстану-математика факультеті
4. Инженерлік-технологиялық факультеті
5. Филология факультеті

2. Оқу курсыңыз _____

3. Мамандығыңыз _____

4. Сіз университеттің оқудан тыс қызметіне қатысасыз ба?

	Көрсеткіштер	Иә	Жоқ
1.	Студенттік ғылыми конференцияларға	1	2
2.	Қызығушылық бағыттар бойынша үйірмелер, секциялар жұмысына	1	2
3.	Спорттық іс-шараларға	1	2
4.	Студенттік кеңестің жұмысына	1	2

5. Оқу процесінің әртүрлі аспектілеріне қаншалықты қанағаттанғаныңызды бағалаңыз?

	Көрсеткіштер	Толықтай қанағаттану	Ішінара қанағаттану	Қанағаттан дырмайды
11.	Оқытушының дәріс материалдарын анық, түсінікті баяндауы	1	2	3
12.	Оқытушының көрнекілік элементтерін және оқытудың техникалық құралдарын пайдалануы	1	2	3
13.	Оқытушының курстық жұмыстарды, тәжірибелік өтілім туралы есептерге, практикалық сабақтарға қойылатын талаптары	1	2	3
14.	Оқу үрдісіндегі өзгерістер туралы сіздің ақпараттануыңыз	1	2	3
15.	Кітапханада қажетті оқу-ғылыми әдебиеттің болуы	1	2	3
16.	Оқу процесінде пайдаланылатын компьютерлердің болуы	1	2	3

6. Оқытушының сабағы әрдайым оқытушының кешігусіз уақытымен басталады ма?

1. Иә
2. Жоқ

7. Оқытушылар өз сабақтарында креативтілік пен белсенділікті көрсете ме?

1. Иә
2. Оқытушылардың басым бөлігі
3. Оқытушылардың аз бөлігі
4. Жоқ

8. ЖОО оқытушыларының кәсіби деңгейін қалай бағалайсыз?

1. Жоғары
2. Орташа
3. Төмен
4. Жауап беру қиын

9. Университетте оқытылатын өз пәндеріңіздің қайсысын қажеттілігі жоқ деп ойлайсыз?

1. Барлық пәндер қажет деп ойлаймын
2. Иә ондай пәндер бар (қайсысы екендігін көрсетіңіз) _____

10. Студенттік мәселелердің қайсысы Сізді ерекше алаңдатады? (жауаптың үштен аспайтын нұсқасын белгілеу)

1. Оқыту сапасы (сабақ жүргізу, білімді бағалау және т. б.)
2. Университет әкімшілігінің жұмысы (бөлімшелер, деканат қызметі және т. б.)
3. Студенттік асханадағы тамақтану сапасы мен бағасы
4. Жатақханадағы тұрмыстық жағдайдың сапасы
5. Мамандығы бойынша жұмысқа орналасу
6. Басқа мәселелер (не?) _____
7. Ештеңе алаңдатпайды

11. Сіздің ойыңызша сабақты жақсы оқытып, өз жұмысын жетік білетін және студенттерге жоғары талапты тең қоятын үздік оқытушылардың аты тегін көрсетіңіз (оқытушының нақты дұрыс аты мен фамилиясын көрсетіңіз):

- 1) _____

- 2) Мұндай оқытушыны байқамайдым

12. Енді мұнда керісінше, яғни сабаққа немқурайлы қарайтын, студенттерге дұрыс тең талап қоймайтын, өздерінің қызметтік міндеттерін тек ресми түрде орындайтын оқытушылардың аты тегін көрсетіңіз (оқытушының нақты дұрыс аты мен фамилиясын көрсетіңіз):

- 1) _____

- 2) Мұндай оқытушыны байқамайдым

13. Шәкәрім университетінің білім беру үдерісін жақсарту бойынша ұсыныстарыңыз: _____